

Айнұр Тұрдыбайқызы

Биология, химия, экология салалары бойынша ғылыми зерттеу жүргізіп, білімді ұрпақ тәрбиелеуге үлкен үлес қосып жүрген педагогтардың бірі – доцент, биология ғылымдарының кандидаты Байкенжеева Айнұр Тұрдыбайқызы.

Айнұр Тұрдыбайқызы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде 25 жылдан астам уақыттан бері қызмет атқарып келеді.

Педагог 110 ғылыми-әдістемелік мақала мен 7 оқу құралы, 12 оқу-әдістемелік құралдың авторы. Сонымен қатар, «Scopus», «Web of Science» деректер базасына енген журналдарда кафедра ғалымдарымен бірлескен мақалалары жарық көрген.

Айнұр Тұрдыбайқызы даярлаған «Геоботаника» оқу құралы 2013 жылы «Фолиант» баспасының «Жоғары білім» жобасында арнайы дипломмен марапатталып, республиканың жоғары оқу орындарына таратылды.

Сонымен қатар, ғалым «Қызылорда облысының географиясы», «Қызылорда облысының жануарлар әлемі», «Қызылорда облысының өсімдіктер әлемі» атты 3 томдық оқу құралы авторларының қатарында. Оқу құралы □ Қызылорда облысының әкімдігі және Қызылорда облысы білім басқармасының тапсырысымен 2013 жылы облыстың барлық мектебіне таратылды. Педагог 6B01517 (7M01517) – «Биология пәндері бойынша мұғалімдер даярлау» бағдарламасына «Биологиялық есептерді шығару әдістемесі», «Геоботаника» және «Биологиядағы статистикалық әдістер» атты авторлық элективті курстарын енгізді.

Айнұр Тұрдыбайқызының басшылығымен университетте «Туризм», «Химия-Биология», «Химия» (ағылшын тілінде) бакалавр, «Биология», «Химия» докторантура білім беру бағдарламалары ашылды. Ол мектеп ұстаздарына әдістемелік көмек көрсетіп, оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына да жетекшілік етуде.

Осы кезеңге дейін Айнұр Тұрдыбайқызы 1 ғылым кандидаты, 12 магистр дайындап шығарды. Қазіргі уақытта 7 магистрант, 4 докторантқа жетекшілік жасайды.

Педагогке білімді ұрпақ тәрбиелеуге және ғылым саласына қосқан үлесі үшін Білім және ғылым министрлігінің «Алғыс хаты», Қызылорда облысы әкімінің «Құрмет грамотасы», Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Үздік оқытушы» төс белгісі, «Қорқыт Ата атындағы Алтын медаль», Қызылорда облысы әкімінің «Құрмет грамотасы табысталған.